

БАЯНДАМА

Тақырыбы: Жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын үйлестіре қолдану

Авторы: Нұр-Сұлтан қаласы, №64 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі: Шотпаева Алтынгүл Бахреденовна




- ▶ Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға бұрынғыдай білім, білік, дағдыны емес, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруды қояды, оның өздігінен білім алу арқылы дамуына баса көңіл бөледі.
- ▶ Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту.
- ▶ Жас ұрпаққа білім беруде озық технологияларды қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау үшін мұғалімнің үздіксіз шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс - тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Оқушының пәнді тереңдеп бойлай беруі үшін сабақты түрлендіріп өткізу, сындарлы оқытудың тәсілдерін қолдану өз нәтижесін береді. Осы орайда туған тіліміз бен әдебиетімізді оқытудың хас шебері – «Ұстаздықтың хан апасы» атанып кеткен Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының әдебиетті оқытуда алар орны ерекше. «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер» деп Ж. Аймауытов айтқандай, сабақ беруді өнер деп бағалау тегін емес. Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының да тиімділігі өте көп. Әдебиет сабағы - ой сабағы, ойлау сабағы, ойланту сабағы. Ұстаздың ой тастау, ойлау, ойланту технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, өзекті мәселелерді шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне жұмыс жасауына негізделеді. Ұстаздың басты ұстанымы ойлау болса, ол шәкірт тарапынан болатын әрекет. Ал ойланту – ұстаз тарапынан болатын іс – әрекет. Ұстаз өтілетін жаңа тақырыпты, алдын ала тапсырма арқылы ой тастатқызып, сабақтың өн бойында ойланту арқылы мақсатқа жетеді. Ой салу – ұстаз тарапынан, ойлану – шәкірт тарапынан, ойланту – ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады.

Спиральді білім беру бағдарламасы

Тақырыптар әртүрлі деңгейлерде қайталанып отырады, кейде бір тоқсан аясында, кейде бірнеше тоқсанда;


Тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға карағанда анағұрлым тереңдетіліп оқытылуы тиіс;

Деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек.



Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформасына түрлі жаңалықтар енгізілуде, жаңашыл, заманауи жобалар жасалуда. Солардың бірі — «Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту» аясындағы жаңартылған білім беру жобасы. Бұл жоба «Спиральді оқыту» бағдарламасы деп те аталады.

тілдік дағдыларды дамытуда
ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
рөлі зор



... бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін.



КОММУНИКАТИВТІК ӘДІС

Тыңдалым

- мәтіннің жалпы, детальді мазмұнын түсіну;
- негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;
- мәтіннің астарлы ойын анықтау;
- жобалау.

Оқылым

- әртүрлі мәтіндерді түсіну (көркем шығармадан бастап жарнама мәтіндеріне дейін)
- мәтінді талдау;
- мәтіннің мақсаты мен көзделген аудиториясын анықтау;
- оқылым стратегияларын меңгеру.

Грамматика
сөйлеу әрекеті
негізінде
оқыталады

Айтылым

- диалогтік және монологтік сөздерді құрастыру;
- өз ойын еркін жеткізу;
- өз ойын дәлелдеу;
- пікірталасқа, дебатқа қатысу.

Жазылым

- эссе жазу;
- шығармашылық хат жазу;
- ақпаратты графика, таблица, схема түрінде ұсына білу ;
- аудиторияның көздеген мақсатын ескере отырып әртүрлі мәтіндер құрастыру (хат, ескерту, әңгіме, нұсқаулық).

Қ Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы




- ▶ **Ой салу** — ұстаз тарапынан,
- ▶ **Ойлану** — шәкірт тарапынан,
- ▶ **Ойланту** — ұстаз тарапынан,
- ▶ **Бір шешімге келу** — оқушы тарапынан
- ▶ **Ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі:**
- ▶ **жобалау,**
- ▶ **модель жасау,**
- ▶ **оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім**
- ▶ **жасауға бағыттау**
- ▶

ТЕХНОЛОГИЯ ТИІМДІЛІГІ:

- ▶ 1. Әдеби-теориялық білімдері кеңейеді.
- ▶ 2. Көркем шығарманы оқуға міндетті болады.
- ▶ 3. Танымдық көзқарастары қалыптасады.
- ▶ 4. Ақын сезімі мен оқушы сезімі сараланады.
- ▶ 5. Көркем шығарманың композициясына, тілмен көркемделуіне көңіл бөлінеді.
- ▶ 6. Шығармашылық жұмыстарға бейімделеді.
- ▶ 7. Оқушы пікірін еркін, әрі ашық жеткізе алады.
- ▶ 8. Білімді өздігінен алады.

**Тіл дамыту жұмыстары арқылы оқушыларды
шығармашылық жұмыстарға жетелеуде,
сауаттылыққа баулудағы
«Ойлан, ізде, тап» ойыны**



- Берілген модельге назар аудар. Ол жүйелі төрт қадамнан тұрады.
- Бірінші қадамыңды алдыңдағы тапсырманы түсінуге, мақсатқа қалай жету жолдарын ойлауға арна.
- Екінші қадамыңды таза ізденіске арна, бұл қадам таза еңбегіңе арналады.
- Үшінші қадамың – шешуші қадамың, өйткені өз бетіңмен тапсырма орындайсың, мақсатқа жетуге еңбектенесің.
- Төртінші қадамыңды жеңіс қадамы деуге болады. Тапқаныңды пайдаланысың, қолданасың, соған өзің жол ашасың.

- ▶ **Технологияның нәтижесі:**
- ▶ **оқушылардың қызығушылығын туғызатын іскерлік ойындары күрделі де маңызды тапсырманы орындаудың жеңіл, оңтайлы жолын қарастырады;**
- ▶ **-Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға, ғылыми ізденістерге жетелейді;**
- ▶ **-сауаттылыққа баули отырып, тіл дамыту үрдісі жүзеге асады;**
- ▶ **-Алған теориялық білімін тәжірибеде өз беттерімен қолдана білуге түрткі жасайды;**
- ▶ **-Ең бастысы, оқушылардың өз-өзін оқытуы, ойлауы, ізденуі, табуы, пайдалануы сияқты іс-әрекеттерге дағдыландырады.**



- ▶ Бұл технологияның тиімділігі, біріншіден- практикалық маңызында болса, екіншіден-оқушыларды шығармашылықпен жұмыстануға дербес ізденуге жетелеуінде. Сол ізденіс негізінде олар бір өнімге қол жеткізеді. Ол өнімді жоба деп қарастыруға болады. Яғни кез-келген оқушы көркем туынды бойынша өз жобасын жасап, оны қорғауға дағдыланады. Ал түрлі жобалар қорғау қазіргі заман талабы екені баршаға аян. Жоба-технологиялық оқыту- дың өнімді әдісі. Әдебиет сабағында жобалау әдісін әр түрлі мақсатта пайда -лануға болады. Жобалап оқыту түрлері әртүрлі болып келеді:
- ▶ - зерттеу,іздену, ғылыми жұмыстарға баулитын;
- ▶ - шығармашылық бағыттағы(макет, киносценарии т.с.с.)
- ▶ -ақпараттық, яғни оны жинау,жинақтау бойынша презентация жасау;
- ▶ - модельдеу(конструкция жасау) инсценировка(белгілі бір оқиғаны, кейіпкер іс-әрекетін бейнеге,сұлбаға түсіру); Жобалап оқыту технологиясында пәнаралық, пәнішілік байланыс маңызды орын алады. Жоба жасау үшін оқушыға бірнеше пәнненалған білімдердің кө-мекке келуі, дүниетанымы,іскерлігі аса қажет. Бұл технологиямен оқыту нәтижесінде міндетті деңгейден өте жоғары эвристикалық-шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруға кеңінен жол ашылды. «Шығамын тірі болсам адам болып», (Сұлтанмахмұттың өміріне арналған) «Біз бұл күнге қалай жеттік?» Тәуелсіздік шежіресіне арналған сабақтар. т.б Хан апамыздың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, «Сырласу-толғау» сабақтары арқылы шәкірттерімді әдебиет әлеміне баулыдым.



*Көңіл қойып
тыңдағандары
ңызға рақмет!*

